

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 197ак Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 353-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі реттік нөмірі 5-жолының 5-бағаны "ноутбуктер - 6 бірлік; принтерлер - 8 бірлік" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 354-қосымшада :

2 - т а р м а қ т а :

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ;" деген сөздерден кейін "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы ;" деген сөздермен толықтырылсын ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығы ;" деген сөздерден кейін "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы ;" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Байланыс және хабар тарату телекоммуникациялық спутнигін және ілеспе ғарыштық аппараттарды жерден басқару кешені мен байланыс мониторингі жүйесін жасауға және геостанциялық орбитаға қоюға арналған келісім-шарт бойынша жұмыстардың орындалу барысын бақылауды қамтамасыз ету;

"Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталын 15770,2 (он бес миллион жеті жүз жетпіс мың екі жүз) теңге сомасында ұлғайту, оның і ш і н д е :

- жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, мемлекеттік сараптамаға ақы төлеуге,

Қоғамға берілетін ғимаратты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Байланыс және хабар тарату телекоммуникациялық спутнигін, ілеспе ғарыштық аппараттарды жерден басқару кешені мен байланыс мониторингі жүйесін құру жөніндегі жұмыстар кезеңінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету.";

3) көрсетілген қаулыға 355-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі